

компонента для отправления уголовного правосудия в отношении государств — Международный уголовный суд и Международный уголовный кодекс.

Список литературы:

1. Андреева М.В. Сборник важнейших документов по международному праву.-М., 2017. - 143 с.
2. Блищенко И. П., Жданов Н. В. Сотрудничество государств в борьбе с преступлениями международного характера. - М., 2014. -114 с.
3. Наумов А. В. Преступления против мира и безопасности человечества и преступления международного характера. // Государство и право. 2015. -№ 6. С.116-120.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША АДВОКАТТЫҢ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖИНАУҒА ҚАТЫСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Узаккалиева О.Х., Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
«Адвокаттық қызмет және нотариаттық қызмет»мамандығының 1 курс магистранты

Қазақстан Республикасы Президентінің «Біз Конституциямыздың әлеуетін барынша пайдалануымыз қажет» дей келіп, «Біз баршаға барынша мүмкіндіктер беретін қоғам: әрбір адамның жеке басы мен бостандығын құрметтейтін, өзіне өзі қызмет етуге жағдайы жоқ жандарды қамқорлыққа бөлейтін, қандай еңбекті болса да қадірлейтін, ана мен баланы қорғайтын, зейнеткерлерге қамқор болатын, ардагерлер мен отан қорғаушыларды ардақ тұтатын қоғам құруды аяқтауға тиіспіз», деген сөздерінен құқықтық, зайырлы мемлекет құруды мақсат еткен кез келген қоғамның әрбір азаматы өзінің құқықтарын жақсы білумен қатар оларды батыл қорғауға талпынуы заңды құбылыс екенін түсінуге болады. Ендеше адамның өз мүддесін, талап тілегін, қанағаттандыруы үшін тәуелсіз қоғамдық ұйымдардың жәрдеміне жүгінетіні ақылға сыйымды [1]. Ал азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарын қорғауға жағдай жасай- тын ұйымдардың бірі адвокатура саласына тән десек қате айтпаған болар едік. Сол адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауда сол адвокаттар дәлелдемелерді жинауға қатысуда көптеген келеңсіз жайттарға қалып жатады. Соған байланысты теория жағынан болсын немесе тәжірибе жағынан болсын кішкене тоқталып кетсек:

Сондықтан дәлелдемелерді жинау туралы мәселелерді қарастыру аса қажет деп санау керек. Қазіргі әрекет етуші қылмыстық іс жүргізу кодексінің 122-бабында көрсетілгендей, дәлелдемелерді жинау тергеу және сот іс-әрекеттерін жүргізу жолымен сотқа дейінгі іс жүргізу және сот талқылауы процесінде жүргізіледі. Дәлелдемелер жинау оларды табуды, бекітуді және алуды қамтиды. Тараптардың өтіншітері бойынша немесе өз бастамашылығы бойынша қылмыстық процесті жүргізуші орган іс жүргізуіндегі қылмыстық іс бойынша кодексте белгіленген тәртіппен жауап алу үшін немесе сарапшы ретінде қорытынды беру үшін кез келген адамды шақыруға; кодексте көзделген іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге; Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, ұйымдардан, олардың басшыларынан, лауазымды адамдардан, азаматтардан, сондай-ақ жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың іс үшін маңызы бар құжаттар мен заттарды табыс етуді талап етуге; уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан тексерулер мен тексерістер жүргізуді талап етуге құқылы.

Сезікті, айыпталушы, қорғаушы, жеке айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сондай-ақ кез келген азаматтар мен ұйымдар дәлел бола алатын ауызша да, жазбаша да нысандағы мәліметтерді, сондай-ақ заттар мен құжаттарды ұсынуға құқылы.

Дәлелдемелерді жинау – ол сот тергеу органдарының белсенді қызметі, дәлелдеу процесінің қажетті элементі. Процессуалдық және криминалистік әдебиеттерде, дәлелдемелерді жинау маңызы әртүрлі болып анықталады.

А.С. Жалыбиннің анықтауы бойынша, әр түрлі құжаттарды табу, алу, сақтау, бекіту әрекетінің жиынтығы ретінде дәлелдемелерді жинау түсінігінің мазмұны [2; 158].

Ал С.А. Шейфер болса, дәлелдемелерді жи- нау түсінігіне оларды табумен бекітуді кіргізбеген, табуды, жинауды, бекітуді және дәлелдеме- лерді зерттеуді бір қатарда қарастырған [3; 38].

М.С. Строговичтің көрсетуі бойынша, дәлелдеу процесі дәлелдемелерді табудан, оларды қараудан және процессуалдық бекітуден, тексеруден және бағалаудан құралады деген [4; 470]. Біздің ойымызша, осы жоғарыда көрсетілген пікірлердің ішінде А.И. Винбергтің ойы дұрыс сияқты. Дәлелдемелерді жинау – ол кешендік түсінік болып табылады. Ол дәлелдемелерді сақтау және алу, табу, бекіту әрекеттерін кіргізеді.

Дәлелдемелерді табу – дәлелдемелік мағынасы бар сол және басқа да фактілік мәліметтерге көңіл аудару, олады іздеу және шығарып алу. Тек оларды жинаушы тұлғаға белгілі болған дәлелдемелерді ғана жинауға болады.

ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 123-бабына сайкес дәлелдемелерді бекіту көрсетілген. Іс жүзіндегі деректер олар, іс жүргізу іс-әрекеттерінің хаттамаларында көрсетілгеннен кейін ғана дәлелдеме ретінде пайдаланыла алады [5].

Анықтау және алдын ала тергеу барысында хаттамаларды жүргізу жауаптылығы тиісінше анықтаушы мен тергеушіге, ал сотта сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысына жүктеледі. Тергеу және сот іс-әрекеттеріне қатысушыларға, сондай-ақ тараптарға сот талқылауында бұл іс-әрекеттердің барысы мен нәтижелері көрсетілген хаттамалармен танысу, хаттамаларға толықтырулар мен түзетулер енгізу, осы іс-әрекеттерді жүргізудің тәртібі мен шарттары жөнінде ескертулер мен қарсылықтар айту, хаттамадағы жазбаларға өз редакциясын ұсыну, анықтаушының, тергеушінің немесе соттың назарын іс үшін маңызы болуы мүмкін мәңгілікке аудару құқығы қамтамасыз етілуі тиіс. Хаттамаға тергеу және сот іс-әрекеттеріне қатысушыларға олардың құқықтары түсіндірілгені туралы белгі қойылады.

Ауызша айтылған толықтырулар, түзетулер, ескертулер, қарсылық білдірулер, өтінімдер және шағымдар хаттамаға енгізіледі, ал жазбаша нысанда жазылғандары хаттамаға қоса беріледі. Сызылып тасталған немесе көшіріліп алынған сөздер немесе басқа түзетулер туралы хаттаманың соңына қол қою алдында ескерту жасалады.

Тергеу іс-әрекетінің хаттамасымен танысқан адамдар хаттаманың әр бетіндегі мәтіннің соңғы жолының астына және оның соңына өзінің қолын қояды. Сот отырысы хаттамасының бөлігімен танысу кезінде әр беттің аяғына және осы бөліктің соңына қол қойылады. Анықтаушы, тергеуші немесе сот ескертулермен немесе қарсылық білдірулермен келіспеген жағдайда ол туралы қаулы шығарады.

Заңдарда көзделген жағдайларда процеске қатысушылардың біреуі немесе басқа да адамдар тергеу іс-әрекетінің хаттамасына қол қояудан бас тартқан кезде анықтаушы немесе тергеуші өзінің қолымен куәландыратын хаттамаға ол туралы белгі соғады. Сот отырысының хаттамасында жазылған соттың іс-әрекеті туралы жазбаларға заңда көзделген жағдайларда қол қояудан бас тартылса, ол хаттамада сот отырысына төрағалық етуші мен хатшы өз қолдарымен куәландыратын белгі соғылады. Хаттамаға қол қояудан бас тартқан адам бас тартуының себебін түсіндіруге құқылы және бұл түсіндіру хаттамаға енгізілуі тиіс.

Егер іс жүргізу іс-әрекетіне қатысушы өзінің дене кемшілігінің салдарынан хаттаманы өзі оқи алмаса немесе оған қол қоя алмаса, онда оның келісімімен оның қорғаушысы, өкілі немесе ол адам сенетін басқа адам хаттаманы дауыстап оқиды және оған қол қояды, ол туралы хаттамада белгі қойылады.

Фонограммалар, бейнежазбалар, кинофильмдер, фотосуреттер, құймалар, таңбалар, жоспарлар, кестелер тергеу немесе сот іс-әрекетінің барысы мен нәтижелерін басқа да бейнелеулер хаттамаға қоса беріледі. Әрбір қосымшада оған қатысты тергеу немесе сот іс-әрекетінің атауы, орны, күні көрсетілген түсіндірме жазба болуға тиіс. Бұл жазбаны іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында анықтаушы немесе тергеуші және қажет болған жағдайларда, куәгерлер, ал сотта сот отырысының төрағалық етушісі мен хатшысы өз қолдарымен куәландырады. Сонымен қатар жиналған және бекітілген дәлелдемелер зерттелуге жататыны белгілі ҚР ҚІЖК 124-бабында: іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті зерттеуге жатады. Зерттеу алынған дәлелдемелерді талдауды, оны басқа да дәлелдемелермен салыстыруды, қосымша дәлелдемелер жинауды, дәлелдемелерді алу көздерін тексеруді қамтиды. Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалау да аса маңызды мәселе екендігі айтылып жүр. Оның қорытындысы бойынша арнайы нормативтік қаулылар қабылдау ұйғарылды. Өйткені мұның азаматтардың конституциялық құқығы мен мүддесін сотта қорғауды қамтамасыз етуде маңызы жоғары болмақ. Еліміздің Жоғарғы Соты ТМД елдері арасында бірінші болып республикадағы соттардың қылмыстық істер санаты бойынша қылмыстық ізге түсу және айыптау органдарының сотқа жіберген дәлелдемелеріне баға беруге байланысты сот тәжірибесін талдап, шолу жасаған еді.

Жалпы адвокаттар сот процесінде сырттан қараған адамға екінші деңгейдегі адам секілді болып көрінеді, өзінің қорғауындағы адамның санатында бағаланады. Осының өзі адвокатуралық қызметке деген халықтың сенімін жоғалтып, сот ісінің біржақты айыптау бағытымен жүргізілетіндей әсер қалдырып жүр. Сондықтан адвокаттардың мәртебесін әлі де көтеру керек сияқты. Қорғаушылардың екінші деңгейдегі қызметкер болып көрінуі біздің ойымызша себебі мына- да. Қылмыстық істерді жүргізу заңы тараптардың бәсекелестігі және тең құқылық идеясын қылмыстық сот ісінде бекіткен (ҚР ҚДЖК 23- бап). Бәсекелестік ретінде айыпталушының қорғалуға деген құқығын ғана түсінуге болмай- ды, бұл сонымен бірге ақиқатты іздеу әдісі мен айғақтарды зерттеу тәсілі де болып табылады. Өкінішке қарай, қазақстандық қылмыстық процесте, әсіресе сотқа дейінгі сатыда осы функцияларды не қорғалушы, не айыпталушы жеткілікті түрде жүзеге асыра алмайды, себебі біздің қылмыстық процесте қылмысты дәлелдеуде тергеушінің, анықтаушының және прокурордың рөлі басым болатындығы айтылады. Адвокаттың дәлелдеуге қатысу мәселесі нормативті актілерде жеткіліксіз реттелгендіктен, қылмыстық процесте тартылған адамдардың бостандықтары мен құқықтары едәуір бұзылды.

Көбіне адвокаттардың мәлімдеген өтініштері мен шағымдары прокуратура, тергеу органдары, тіпті, сот процестерінде де еленбей қалып жатады. Бұған себеп адвокаттардың жинаған дәлелдемелері мен деректерінің салмақсыздығы ма, жоқ қазіргі кездегі қорғаушылардың кәсіби біліктілігінің төмендігі ме деген сауалдарда туып жатады. Осы мәселені шешу мақсатында біз адвокаттардың нақты дәлелдер келтірілген қолдау хаттарын қанағаттандыруды қамтамасыз ететін тиімді процессуалдық механизмін қалыптастыруды ұсынып отырмыз. Мәселен, қорғалушы тараптың барлық қолдау хаттарын қараудың міндеттілігі нормасы туралы Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» заңына өзгерту енгізуді сұрап отырмыз. Қолдау хатты қанағаттандырмай, негізсіз кері қайтарған жағдайда сотқа және прокурорға, сондай-ақ алдын ала тергеу органдарының лауазымды тұлғаларына қатысты қатаң шаралар қолдану мүмкіндігі де сол ұсынысымызда қарастырылған деп пайымдап жатыр [6].

Жалпы адвокаттардың дәлелдемелер жинауға қатысуының ашылмаған біраз астары мен мәселелері жетерлік. Сондықтан біздің ойымызша осы дәлелдемелер жинауда адвокаттық қызмет туралы заңды қайта қарап, біраз толықтырулар енгізу қажет деп санаймыз. Яғни, осы заң бүгінгі заманның тамыр бүлкілін дөп басып, қорғаушылардың мәртебесін көтеруге келгенде дәрменсіздеу сияқты көрініп жүр.

Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659>
2. Жалыбин С.М. Защита прав граждан в уголовном судопроизводстве. – Алматы: Жеті Жарғы, 2012. – 304 с.
3. Шейфер С.А. Собрание доказательств в советском уголовном процессе. – Саратов: Изд-во Саратовского гос. ун-та, 2005. – 172 с.
4. Строгович М.С. Курс советского уголовного процесса. – М., 1968. Т-1, 470 стр.
5. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30410130
6. URL: <http://www.advokatura.kz/articles/653>

ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА В СФЕРЕ УГОЛОВНОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА

Утебаев Р.С., магистрант 1 курса юридического факультета
Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова,
Жолдыбайұлы С., магистрант 2 курса юридического факультета
Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова

Международное сотрудничество государств в сфере уголовного судопроизводства осуществляется в разных направлениях, имеющих организационный, правовой, координационный и процессуальный характер. Одним из таких направлений является совместная нормотворческая